

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің м.а. 2025 жылғы 10 қазандағы № 589 бұйрығы

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің өзгерістер мен толықтыру енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бухгалтерлік есеп, аудит және бағалау әдіснамасы департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың қазақ және орыс тіліндегі көшірмелерін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасы заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау үшін және Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Қаржы министрінің міндетін атқарушы*

Д. Темірбеков

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2025 жылғы 10 қазандағы
№ 589 бұйрықпен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің өзгерістер мен толықтыру енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі

1. "Мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есепке алу шоттарының жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 16 сәуірдегі № 170 бұйрығына мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есепке алу шоттарының жоспарында:

осы Тізбеге 4-қосымшаға сәйкес көрсетілген Жоспарға қосымшамен толықтырылсын.

2. "Есеп саясатын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 24 сәуірдегі № 191 бұйрығына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Есеп саясатында:

94 және 95-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"94. Мемлекеттік мекеме айырбасталмайтын және айырбасталатын операциялардан кірістер алады.

Айырбасталмайтын операциялардан түсетін кірістерге мыналар:

ағымдағы қызметті қаржыландыру;

күрделі салымдарды қаржыландыру;

трансферттер мен субсидиялар;

гранттар;

салықтық түсімдер;

демеушілік және қайырымдылық көмек;

өзге де айырбасталмайтын операциялар жатады.

Айырбасталатын операциялардан түсетін кірістерге мыналар:

активтерді басқару операциялары;

тауарларды (жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді) сатудан түсетін түсімдер жатады.

Активті және кірістерді тану сәті салық операциясының нәтижесінде туындайды, өткен оқиға активті бақылау бойынша негіз болатын сәт болып табылады.

Корпоративтік табыс салығы (бұдан әрі – КТС) бойынша кірістер сомасын бағалау үшін уәкілетті орган кірістерді жеке шоттардан алынатын тиісті мәліметтер негізінде есепті күнге КТС бойынша таниды.

Қосылған құн салығы (бұдан әрі – ҚҚС) бойынша кірістер сомасын бағалау үшін есепке алуға есепті кезеңдегі салық төлеушілердің декларациялары бойынша ҚҚС-дан түсетін кірістерді есептеу фактісін тіркейтін жеке шоттардағы жазбалар болып табылады.

Дәл осындай тәсіл салық кезеңі күнтізбелік ай немесе күнтізбелік тоқсан болып белгіленген салық түсімдерінің басқа да түрлеріне (акциздер, пайдалы қазбаларды өндіру салығы, ойын бизнесі салығы) қолданылады.

Облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеті деңгейінде салық түсімдері бойынша дербес шоттарды қалыптастыру болмаған жағдайда, салық түсімдері бойынша кірістерді көрсету үшін бюджетке ақша қаражаты түсімдерінің деректері пайдаланылады.

95. Осы Есеп саясатының 94-тармағының 17-абзацын қоспағанда тиісті бюджетке салық түсімдері есептеу жүйесінде есептеледі және биржадан тыс операциялардан түсетін кірістер ретінде танылады.

Салық активі салық оқиғасы туындаған және тану өлшемшарттары сақталған кезде танылады.

Салық оқиғасынан бұрын алынған салықтар бойынша кірістер актив пен міндеттеме ретінде танылады (аванстық түсімдер), өйткені есеп беруші ұйымға салық түсімдерін

алуға мүмкіндік беретін оқиға әлі пайда болған жоқ, ал салықтық кірістерді тану өлшемшарттары орындалмайды.

Аванстық салық түсімдері басқа аванстардан айтарлықтай ерекшеленбейді. Міндеттеме салық оқиғасына дейін танылады. Салық оқиғасының басталуымен міндеттеме жойылады және кіріс танылады.

Негізгі капиталды сатудан, мемлекеттің қаржылық активтерін сатудан түсетін кірістерді уәкілетті орган бюджетке қаражат түскен кезде кіріс ретінде таниды.

Негізгі капиталды сатудан, мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер, айыппұлдар мен өсімпұлдардан басқа салықтық емес түсімдер бухгалтерлік есепте Бухгалтерлік есеп қағидаларында көзделген тәртіппен тиісті ақпарат негізінде көрсетіледі."

3. "Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 12 мамырдағы № 223 бұйрығына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларында:

19-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"19. Бюджетке, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетіне салықтық түсімдерді қоспағанда, салық төлеушілердің жеке шоттарының (бюджетке есептелген, азайтылған, түскен, қайтарылған сома) қорытынды операциялары бойынша жиынтық есеп бюджетке түсетін салықтық түсімдерді есепке алу бойынша бастапқы құжаттар болып табылады.

Мемлекеттік кәсіпорындардың таза табысының, акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтердің, сондай-ақ аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің мемлекеттік немесе коммуналдық меншігіндегі (жергілікті өзін-өзі басқару коммуналдық меншігіндегі) заңды тұлғалардағы қатысу үлестеріне кірістердің бір бөлігінің түсімдерін есепке алу жөніндегі бастапқы құжаттар тиісті салалардың уәкілетті органдары немесе жергілікті атқарушы органдар не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты берген деректер болып табылады.

"е-Қаржымині" интеграцияланған автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің (бұдан әрі – ИААЖ) талдау орталығы кіші жүйесі "Мемлекеттік қаржы бойынша есептілікті және статистиканы қалыптастыру, бюджеттердің атқарылуын талдау, талдау материалдарын дайындау" талдау орталығы (бұдан әрі – ТО) алынған түсімдер бойынша есептер нысаны бюджетке түсетін салықтық емес түсімдерді есептеу бойынша бастапқы құжаттар болып табылады.

ИААЖ-дан алынған түсімдер бойынша есептердің нысандары облыстық бюджетке, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттеріне есептелген салықтық және салықтық емес түсімдерді көрсету бойынша бастапқы құжаттар болып табылады.";

212-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"212. Еңбекақыны есептеу айына бір рет жүргізіледі және айдың соңғы күні есепте көрсетіледі.

Мемлекеттік мекемелердің қызметкерлеріне еңбекақы төлеу Бюджетті атқару қағидаларында белгіленген.

Айдың бірінші жартысына Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен ұстауға жататын соманы алып тастап қызметкерлерге еңбек ақысының елу пайызы мөлшерінде аванс беріледі.";

325-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"325. Негізгі құралдар объектілерінің физикалық және моральді тозу салдарынан, зілзала апаттар мен авариялар нәтижесінде, Қарулы Күштерде, басқа әскерлерде және Қазақстан Республикасының әскери құрамаларында пайдаланылмайтын қару-жарақ, әскери техника, қорғаныс объектілері мен өзге әскери мүлікті алып тастағанда жарамсыздығын, оларға жөндеу жүргізудің тиімсіздігін анықтау үшін, сондай-ақ негізгі құралдарды есептен шығаруға қажет құжаттарды ресімдеу үшін мемлекеттік мекеме басшысының бұйрығымен тұрақты әрекет ететін комиссия құрылады. Комиссия құрамына міндетті түрде мыналар: мемлекеттік мекеме басшысының орынбасары, ал аппарат басшысы лауазымы енгізілген мемлекеттік мекемелерде аппарат басшысының немесе мемлекеттік мекемелердің басшысы уәкілеттік берген әкімшілік лауазымды адам (комиссия төрағасы), бас бухгалтер немесе оның орынбасары (штат кестесі бойынша бас бухгалтер лауазымы жоқ болған жағдайда, бухгалтерлік есепті жүргізу жүктелген тұлға) негізгі құралдардың сақталуына жауапкершілік артылған тұлғалар кіреді, негізгі құралдардың жеке түрлерін есептен шығарғанда комиссия құрамына сондай-ақ тиісті мамандар (сарапшылар), жол полициясының өкілі (автокөлік құралдарын есептен шығарғанда) кіреді. Тұрақты әрекет ететін комиссия техникалық құжаттаманы (төлқұжат, әр қабат сайынғы жоспарлар мен басқа құжаттар) тарта отырып, есептен шығаруға жататын объектіні тікелей тексеруді жүргізеді, сондай-ақ бухгалтерлік есептің деректерін қолданады және қалпына келтіруге және әрі қарай қолдануға жарамсыз екенін белгілейді.";

406-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"406. Жалдау:

егер ол жалдау мерзімі аяқталғаннан кейін меншік құқығының ауысуына қарамастан, активті иеленуге байланысты барлық тәуекелдер мен пайдаларды дерлік беруді білдіретін болса қаржылық жалдау;

егер ол активті иеленуге байланысты барлық тәуекелдер мен пайдаларды дерлік беруді білдірсе, операциялық жалдау ретінде жіктеледі.

Жалдауды қаржылық немесе операциялық ретінде жіктеу көп жағдайда операцияның мазмұнына, шарттың талаптарына байланысты болады және жалдаудың басталған күніне жүргізіледі.

Жалдау шартының басталуы – жалдау туралы шартты жасау немесе тараптардың негізгі жалдау шарттарына қатысты міндеттемелер қабылдауының неғұрлым ерте күні.

Жеке немесе жиынтықта әдетте жалдауды қаржылық ретінде жіктеуге алып келетін жағдайларға мыналар жатады:

жалдау шарты жалдау мерзімінің соңында активті иелену құқығын жалға алушыға беруді көздейді;

жалға алушының жалдау қатынастары мерзімінің басында осы құқықты іске асыру күні әділ құннан айтарлықтай төмен бағаға осы активті сатып алуға құқығы бар, ал жалдауды қабылдаған күні бұл құқықтың жүзеге асырылатыны туралы негізделген сенім бар;

жалдау мерзімі меншік құқығын беру болмаған кезде де, активтің экономикалық қызмет мерзімінің елеулі бөлігіне қолданылады;

жалдау қарым-қатынастарының басталу күніне келтірілген ең төменгі жалдау төлемдерінің келтірілген құны іс жүзінде жалдау мәні болып табылатын активтің әділ құнына тең;

жалға берілген активтердің маманданған сипаты бар, оларды жалдаушы ғана елеулі өзгертусіз пайдалана алады.

Қаржы лизингі шарты Қағидалардың осы тармағының алты, жеті, сегіз, тоғыз, он және он бір абзацтарының төртінші бөлегінде көрсетілген мән-жайлар ескеріле отырып, қаржылық жалдау ретінде жіктеледі.";

421-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"421. Мемлекеттік мекеменің сенімді бағаланатын, болашақ экономикалық пайда немесе сервистік әлеует алу ықтималдығы болса кіріс танылады.

Мемлекеттік мекеме кірісті Есепке алу саясатының ережелеріне сәйкес есептеу әдісімен таниды.".

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2025 жылғы 10 қазандағы
өзгерістер мен толықтыру
енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
қосымша
Мемлекеттік мекемелердің
бухгалтерлік есепке алу
шоттарының жоспарына
4-қосымша

Мемлекеттік кірістер органдарында есебі жүргізілетін салықтар мен бюджетке төленетін төлемдердің қорытынды операциялары бойынша жиынтық есепке бухгалтерлік операциялар бойынша шоттар корреспонденциясы (бұдан әрі – Жиынтық есеп)*

№	Операциялардың мазмұны	Дебет	Кредит

1-бөлім. ҚҚС-ны қоспағанда бюджетке түсетін түсімдер бойынша операцияларды көрсету**

1.	Жиынтық есеп негізінде есепті жылдың басына салық түсімдері бойынша дебиторлық берешекке (бересі) түзету (Жиынтық есептің 4-бағаны)	1292 Бюджетке салықтық түсімдер бойынша төлеушілермен есеп айырысулар бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек	5240 Бюджетке түсімдер бойынша алдыңғы жылдардың қаржылық нәтижесі
2.	Жиынтық есеп негізінде есепті жылдың басына салық түсімдері бойынша кредиторлық берешекке (артық төлем) түзету (Жиынтық есептің 5-бағаны)	5240 Бюджетке түсімдер бойынша алдыңғы жылдардың қаржылық нәтижесі	3280 Бюджетке салықтық және салықтық емес түсімдер бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек
3.	Салықтарды есептеу (Жиынтық есептің 6-бағаны минус (-) 7-бағаны)	1292 Салықтық түсімдер бойынша бюджетпен есеп айырысулар бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек	6081 Бюджетке салық түсімдерінен кірістер
4.	Бюджетке салықтардың түсуі (Жиынтық есептің 8-бағаны)	1046 Республикалық бюджеттің ҚБШ 1047 Жергілікті бюджеттердің ҚБШ 1074 Өзге де ақша қаражаты	1292 Салықтық түсімдер бойынша бюджетпен есеп айырысулар бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек
5.	Салықтарды қайтару (Жиынтық есептің 9-бағаны)	3280 Бюджетке салықтық және салықтық емес түсімдер бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек	1046 Республикалық бюджеттің ҚБШ 1047 Жергілікті бюджеттердің ҚБШ
6.	Салық міндеттемесін орындаудың өзгертілген мерзімі бойынша салықтар (төлемдер) бойынша операцияларды көрсету		
	(Жиынтық есептің теріс белгісі бар 10-бағаны)	1292 Салықтық түсімдер бойынша бюджетпен есеп айырысулар бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек	5240 Бюджетке түсімдер бойынша алдыңғы жылдардың қаржылық нәтижесі
	(Жиынтық есептің оң белгісі бар 10-бағаны)	7451 Салық берешегі бойынша резерв құру бойынша шығыстар	1290 Күмәнді дебиторлық берешек бойынша резерв
	Бұрын құрылған резерв болған кезде оны түзету жүзеге асырылады	1290 Күмәнді дебиторлық берешек бойынша резерв	5240 Бюджетке түсімдер бойынша алдыңғы жылдардың қаржылық нәтижесі
7.	Жиынтық есеп негізінде есепті кезеңнің соңында салықтық түсімдер	3280 Бюджетке салықтық және салықтық емес түсімдер бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек	1292 Салықтық түсімдер бойынша бюджетпен есеп айырысулар бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек

	бойынша дебиторлық және кредиторлық берешекті түзету	1292 Салықтық түсімдер бойынша бюджетпен есеп айырысулар бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек	3280 Бюджетке салықтық және салықтық емес түсімдер бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек
2-бөлім. ҚҚС бойынша бюджетке түсетін түсімдер бойынша операцияларды көрсету***			
8.	Жиынтық есеп негізінде есепті жылдың басына салық түсімдері бойынша дебиторлық берешекке (бересі) түзету (Жиынтық есептің 4-бағаны)	1292 Бюджетке салықтық түсімдер бойынша төлеушілермен есеп айырысулар бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек	5240 Бюджетке түсімдер бойынша алдыңғы жылдардың қаржылық нәтижесі
9.	Жиынтық есеп негізінде есепті жылдың басына салық түсімдері бойынша кредиторлық берешекке (артық төлем) түзету (Жиынтық есептің 5-бағаны)	5240 Бюджетке түсімдер бойынша алдыңғы жылдардың қаржылық нәтижесі	3282 ҚҚС төлеу бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек
10.	Салықтарды есептеу (Жиынтық есептің 7-бағаны 6-бағаны минус (-))	1292 Салықтық түсімдер бойынша бюджетпен есеп айырысулар бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек	6081 Бюджетке салық түсімдерінен кірістер
11.	Нөлдік мөлшерлеме бойынша салық салынатын ҚҚС бойынша шығыстарды есептеу ("Нөлдік мөлшерлеме бойынша салық салынатын сату бойынша айналымдар жасалған салық кезеңі үшін есептелген салық сомасынан есепке жатқызылатын қосылған құн салығы сомасының асып кетуімен негізделген қайтарылуға жататын сомалар бойынша есеп" жиынтық есебіне 2-қосымшаның 2-бағаны)	7260 Бюджетке түсімдерді азайту бойынша шығыстар	3282 ҚҚС төлеу бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек
	Бір мезгілде бұрын азайтылған кірістерді қалпына келтіруге түзету жазбасы жүзеге асырылады	1292 Салықтық түсімдер бойынша бюджетпен есеп айырысулар бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек	6081 Бюджетке салық түсімдерінен кірістер
12.	Бюджетке салықтардың түсуі	1046 Республикалық бюджеттің ҚБШ	1292 Салықтық түсімдер бойынша бюджетпен

	(Жиынтық есептің 8-бағаны)	1047 Жергілікті бюджеттердің ҚБШ	есеп айырысулар бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек
13.	Салықтарды қайтару (Жиынтық есептің 9-бағаны)	3282 ҚҚС төлеу жөнінде қысқа мерзімді кредиторлық берешек	1046 Республикалық бюджеттің ҚБШ
			1047 Жергілікті бюджеттердің ҚБШ
14.	Салық міндеттемесін орындаудың өзгертілген мерзімі бойынша салықтар (төлемдер) бойынша операцияларды көрсету		
	(Жиынтық есептің теріс белгісі бар 10-бағаны)	1292 Салықтық түсімдер бойынша бюджетпен есеп айырысулар бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек	5240 Бюджетке түсімдер бойынша алдыңғы жылдардың қаржылық нәтижесі
	(Жиынтық есептің оң белгісі бар 10-бағаны)	7451 Салық берешегі бойынша резерв құру бойынша шығыстар	1290 Күмәнді дебиторлық берешек бойынша резерв
	Бұрын құрылған резерв болған кезде оны түзету жүзеге асырылады	1290 Күмәнді дебиторлық берешек бойынша резерв	5240 Бюджетке түсімдер бойынша алдыңғы жылдардың қаржылық нәтижесі
15.	Жиынтық есеп негізінде есепті кезеңнің соңында салықтық түсімдер бойынша дебиторлық және кредиторлық берешекті түзету	3280 Бюджетке түсетін салықтық және салықтық емес түсімдер бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек	1292 Бюджетке түсетін салықтық түсімдер бойынша төлеушілермен есеп айырысулар бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек
		1292 Салықтық түсімдер бойынша бюджетпен есеп айырысулар бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек	3280 Бюджетке салықтық және салықтық емес түсімдер бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек

Ескертпе:

*Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің міндетін атқарушының 2025 жылғы 15 мамырдағы № 229 бұйрығымен бекітілген Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері мен бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдардың жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау қағидаларына 11-қосымша мемлекеттік кірістер органдарында есебі жүргізілетін салықтар мен бюджетке төленетін төлемдердің қорытынды операциялары бойынша жиынтық есеп.

** Салықтар мен бюджетке төленетін төлемдердің қорытынды операциялары бойынша жиынтық есептен шоттар корреспонденциясын көрсету кезінде "Банкроттардың, сондай-ақ мемлекеттік кірістер органдары оған қатысты мәжбүрлеп өндіріп алудың барлық шараларын қолданған салық төлеушілердің жеке шоттарының қорытынды операциялары бойынша жиынтық есеп" жиынтық есебіне 1-қосымшада көрсетілген сомалар алынып тасталады.

*** Салықтар мен бюджетке төленетін төлемдердің қорытынды операциялары бойынша жиынтық есептен шоттар корреспонденциясын көрсету кезінде "Банкроттардың, сондай-ақ мемлекеттік кірістер органдары оған қатысты мәжбүрлеп өндіріп алудың барлық шараларын қолданған салық төлеушілердің жеке шоттарының қорытынды операциялары бойынша жиынтық есеп" жиынтық есебіне 1-қосымшада көрсетілген сомалар алынып тасталады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК